

12005

5772

А
КИТАПХАНАСЫ

Мамытбек Калдыбай

АТАК
нен
ШАТАК



Мамытбек Калдыбай

АТАҚ пен ШАТАҚ

Бауыржан Момышұлы айтқан әңгімелер

Алматы
«Қайнар»
2004

ББК 84 Қаз 7-44

Қ 25

*Қазақстан Республикасы
Ақпарат министрлігінің бағдарламасы
бойынша шыгарылып отыр*

Қалдыбай М.

Қ 25 Атақ пен шатак. – Алматы: «Қайнар» баспасы, 2004. – 368 бет.

ISBN 9965-9325-8-1

Жазушы-журналист Мамытбек Қалдыбайдың бүл жаңа кітабында данқты қолбасшы, оскери ғылымның білгірі Бауыржан Момышұлының жайшылықтағы мінез-құлқы, тапқырлығы мен шешендігі, ұлтжандылығы мен ойшылдығы, есken орта ерекшелігі, елдік намысқа нұқсан келер жерде бет-жүзінде қарамай айтатын турашылдығы бейнеленген. Жиырма жылдан астам уақыт қоян-қолтық араласып, тәлімін көрген, әрқилы жағдайдағы айтқан өнгімелерін тындалап, көңіліне түйген автор Баукеңнің ішкі әлемінің жұртқа беймәлім сырын мүмкіндігінше аша түскен.

Кітапқа енген туындылар тың, тілі көркем, оқиғасы қою, талғампаз оқырман көңілін баурап аларлықтай төрбиелік, танымдық мәні терең.

4702250201

Қ _____
403(05)-04

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-9325-8-1

© Қалдыбай М., 2004
© «Қайнар» баспасы, 2004



КӨЛЕҢҚЕ

Мезгіл сөске түс. Жол жиегінен Баукеңе телефон соқтым. Тұтқаны жеңгей көтерді.

— Келем десен, өзің біл, қарағым. Саған есігіміз ашық қой.

Тротуар бойлап, ой құшағында асықпай жүріп келем. Көз алдында Баукеңнің ұйықтайдын шағын бөлмесі. Онда Баукеңнен басқа ештene жоқ. Серігі темекі, радио (өз-өзімнен мәз бола күліп алдым). Ал көп кіслердің бөлмесінде бәрі бығып, үйліп тұрады. Бәрі өдемі, өсем. Өкініштісі, солардың ішінде Баукең секілді өзі жоқ.

Басыма бір әңгіменің идеясы келді. Тақырыбын «Бауке, сіз өмірден не алдыныз?» немесе «Көлеңке» деп қойған жөн сияқты.

Баукең бір жарқ етіп жанды ғой. Сол оттың күшімен, шұғыласымен халқымыздың жауынгерлік қасиеттерін әлемге танытты. Сол оттың күшімен Отанымызды жаудан қорғады.

Мениңше, Баукеңнің тағдыры кім-кімге де көп ой сыйлайды. Ол кісінің өз өлшемі бар, ол біздің өлшемге сай келе қоймайды. Олай дейтінім, сыртынан әр түрлі пікір айтып, таласып жүрген кіслерді талай кездестірдім. Олар өзге үлт өкілдерімен сұхбаттасқанда: «Біздің елімізден батыр Бауыржан Момышұлы шыққан, ол Москванды жаудан қорғаған, біздің үлттық нағызынызға көлеңке түсірмеген, оны басқалардың көлеңкесінен сақтаған, тағы басқа» — деп мактанып, аузын толтырып сөйлейді. Сөйтіп, Баукеңнің арқасында өзін бір көтеріп тастайды. Ал Баукеңнің оты соніп бара жатқанда, олар бір бұта отын, бір уыс тасқомір әкеп қосты ма?..

Шынымды айтсам, қанша еліктең, ұмтылсам да,

қанша жігерленсем де, мына өмірде Баукең сияқты жарқырап жану маған бүйірмаған екен. Бұл менің шын өкінішім. Әйтсе де Баукеңнің көлеңкелі бір жерлеріне тұмсығын тығып алып, жаңып тұрған отты көрмейтін, көруге шамасы жетпейтін жандардан іргемнің аулақ екеніне мың мәрте шүкіршілік етем...

Осы тәріздес ой құшағында ішке ендім. Баукең аласа, шағын журнал столы жаңындағы жұмсақ орындықта «Жұлдыз» журналын оқып отыр екен. Көзінде көзілдірік. Амандық-есендік сұрасқаннан кейін әңгіме арнасын «Көлеңке» тақырыбына қарай андаусыз бұрып жібердім.

— Дүниеде көлеңкесіз нәрсе болған да емес, болмайды да! — деді Баукең даусын қатайтып. — Көлеңкесіз нәрсе жоқ дегеннің астарын түсін. Мұндай сөзді өзім билетін халықтардың ешқайсысынан кездестірген емеспін. Мен мұны бала кезімде ауылдағы бір шалдың аузынан естідім. Ол шалдың аты — Нұрақ. Әкемнен кемінде жиырма жас үлкен болу керек.

Аулымыздың екі кісісі дауласып, шатақтасыпты. Сол дауға әкем қолымнан жетектеп ертіп барды. Қандай шатақ екенін білмеймін. Әйтеүір ауыл екі ұдай боп бөлініп, ырын-жырын. Бір жағы айыпкерді актаса, екінші жағы қарапайды.

Төрде Нұрақ шал отыр. Еңгезердей, ак сақалды, ірі кісі екен. Басы үлкен, басы емес, бөркі үлкен. Менің назарым сол бөркіне ауса керек.

Екі жақ айтарын айтып шаршады ма, білмеймін, бір кезде үндең токтады. Нұрақ бәріне жағалай қарап:

— Болдыңдар ма? — деді.

— Болдық, аксақал, сіздің аузыныңға қарап отырымыз.

— Ал менің аузыма қарасандар, бір-ак сөз айтайын. Ол ит — көлеңкесіз ит (Баукең даусын көтере, жиіркене сөйледі)! Соған бола ауылды ырын-жырың ететін нелепрің бар?! Менің аузыма қарасандар, айтарым осы!

Нұрақ шалдың сол сөзін бүтін ойласам, «көлеңкесіз» дегені — өзі былай тұрсын, көлеңкесі жоқ, түкке тұрмайтын біреу дегені екен.

Үлкен кісі кеткен соң, қалғандар да орындарынан тұрып тарады. Екі жақ та сенікі дұрыс не теріс демеді. Бәрінің үні өшті.

Кейіннен не сойлескенін, не айтқанын білмеймін. Ал бірақ «көлеңкесі жоқ» кісі ертесіне ауылдан біржола

құрыды. Оны ұрып-соқпапты. Екі жағы қаражат жи-
нап беріп:

— Ал енді жаның барда жөнінді тапқын. Бұдан бы-
лай біздің ауылға, ауданға, облысқа жол шегуші бол-
ма. Жерім, елім бар, жұртым бар дегенді үміт, біз де
сені үміттайық, — дейді. Это смертельный приговор.

Ұрған жоқ, сабаған жоқ. Ол кісі содан қайда бар-
ды, қайда болды, тұқым бар ма, пәлен-түген деген-
нен осы уақытқа дейін хабарсызыбын.

Баукең темекі тұтатып тартып:

— Көлеңке дегеннің түрлі мағынасы бар, — деді, ма-
ған түсініп тыңда дегендей қабағын тұксите қарап. — Көлеңкесі жоқ деген сөз баспанасы жоқ, ағайын, туысы
жоқ дегенді де білдіреді.

— Ойбай, сендердің көлеңкелерінде күн көріп жүр-
мін ғой, — дейді қазак. Ал енді көлеңкесіз деген өте
қорқынышты сөз. Жапа-жалғыз, ешкімі жоқ (акша,
дүниесі бар шығар, ол өз алдына), көлеңкесіз деген
мораль жағынан өте ауыр.

Көлеңке — образды ұғым. Кейбіреулердің «сен
пәленшешінің көлеңкесінде күн көріп жүрсің» дейтіні де
бар. Оның мағынасы бөлек, әрине.

Бір қатынның байы өлгендегі жылағаны есімде. Көзі
алақандай, қара қатын екен.

— Күнім-ай, айым-ай, қорғаным-ай, берекем-ай, —
деп жоқтап жылап отыр. Бір кезде «көлеңкем-ай», деп
жылады.

Қазір оиласам, оның «көлеңкем-ай» деп жоқтауында
ұлken мән бар екен. Мысалы, күн шыжып тұрған жаз-
ғы шілдеде адамның, жан-жануардың іздептіні көлеңке
ғой. Это удовольствие, защита.

Жоқтау дегенді зерттеу керек. Оның сөзінде көп да-
налық бар. Қазақтың жоқтауы өз алдына бір жанр. Сен
қолың тигенде бұл жанрды зерттеп, байқап көргін.
«Пәленше өлгендеге өйелі, қызы бүйтіп жоқтапты» деген
әңгіме халық арасында көп. Қазақтар өлтөн кісінің
қырқына дейін жоқтау айтып отыратын. Осы жанрды
біз жете зерттемей келеміз.

Өлтөн кісінің жақсылығын образды түрде айтып
беру — ұлken өнер. «Күнім-ай, көлеңкем-ай» дей келіп,
марқұмның жақсы қасиеттерін жіпке тізгендей бейнелеп
беру — ақылдылықты, ақындықты, тапқырлықты ке-
рек етеді.

Ауылымда Айдын деген шешем болды. Ол кісіні әб-

ден қартайған шағында көрдім. Жас кезінде әжептеуір болған шығар, оны білмеймін. Сайлаубай, Таубай, Дәүітбай деген балалары бар еді.

Дәүітбайдың бәйбішесі қайтыс болды. Жоқтайтын кісі жоқ. Сонда Айдын шешемнің өзі жоқтады.

Баукең қара жамылып, қайғырып жылап отырған әйелдің мұнды, зарлы даусына салып, басын шайқай, тенселе, екі қолымен екі бүйірін ұстап: «Қарағым-ай, қарағым-ай!» – деп өндете бастады.

– Қозы келгенде алдынан шығып қуанған,

Бұзау келгенде скі білегін сыйбанған, –

деп келінінің жақсы істерін тізіп жатыр. Сайлаубай деген ұлы ауылдың бір қызымен жасырын тіл табысқан көрінеді. Соған, құдай біледі, марқұм болған келінінің көмегі тисе керек. Айдын шешем келінінің жақсы істерін тізген соң, бәрін қамтиын деген болу керек, бір кезде:

– Сайлаубайға пәленшешінің қызын табыстырған қарағым-ай, – деп соқпасы бар ма?

Үй іші толы ауылдың үлкен кіслері, өлгі қыздың әкесі де отырған. Сақал-шашина ақ кірген, тұлғалы кісі еді. Не дерін білмей тіксініп, сазарды да қалды. Әкем:

– Тәйт! Өшір үнінді, шық үйден! – деп жекірді. Айдын шешем қарасын батырды. Екі жақ та не кешірерін, не кешірмесін білмей отырып қалды.

Бұдан шығатын қортынды, жоқтауды да біреулер біліп, біреулер білмей жоқтайды. Келінін мақтаймын деп құпия сырдың бетін андаусыз ашқан Айдын шешем секілді жоқтай алмайтындар да болған.

Абайдың Оспан, Әбдірахман өлгендері жазғандары нағыз жоқтау олең. Абай баласының періште бейнесін тамаша жасаған. Жоқтауды көбіне әйелдер айтады. Оны олар оздері шығарады немесе біреу шығарып береді. Әйелдердің жоқтауынан бізде бар ма, жоқ па, білмеймін. «Қыз Жібек» жырында:

– Өлгені Төлегеннің рас болса,

Құдайым Қыз Жібекті неге алмайды? –

деген жолдар бар. Осы жолдарда ғана жоқтау сарыны сезіледі. Ол тағы аяғы, қайырмасы ғана. Бұл жырда да, опера да әлі сақталып келеді.

Көп жоқтау халық арасында белгісіз қүйге ұшырап, ұмытылып жатыр. Сен уақытың болса, іздеп, зертте.

Бұрын:

— Ойбай, пәленше өлгенде жоқтамады, тым-тырыс отырды, — деп сын қоятын. Ал егер жақсы жоқтау болса, «пәленшениң жоқтауы» деп елдің бәрі жаттағ алатын.

Жоқтауды жинап, зерттеу керек. Бұл әлі жойылмаған қазына. Мұражайда жоқ болса, ауылға бар, шалкемпірлер кімді қалай жоқтағанын біледі, сұрасаң, айттып береді.

Жоқтау да үлкен өнер деп жоғарыда айттым ғой. Оған да дайындық керек. Ел жиналғанда былай жоқтайсың деп үйретеді, жаттықтырады.

Бұл дәстүр өзінше жерлеу жыры, қаралы жиын. Жақсы жоқтауды естіген ел «ойпыр-ай» деп таң қалатын, ойланатын. Бір жағынан мұның тәрбиелік те мәні бар.

Жоқтау – қазіргі некролог. Ол кезде қазақта газет болған жоқ.

Жоқтау өлген кісі туралы жырлайды, ал некролог өлген кісі туралы жазады. Екеуі мазмұны жағынан үқсас.

Баукең маған ұзак, сұзіле қарап:

— Бұл әңгіме неден шығып кетті? — деді танырқай.

— Көлеңкеден.

— Е, дұрыс, негізгі тақырыптан онша ауытқымаппиз. Түсінсең, жоқтау да көлеңкенің қыр-сырын танып, біліп, бағалауға көмектеседі. «Суықта жылдытуышы едің, ыстықта көлеңкелетуші едің» дегендегі көлеңке мүлде басқа мағынаға ие.

Тұнжырай ойға ене отырып:

— Мениң кемістігім жоқ, күнмін, аймын деген қыпқызыл есуастық! — деді. — Жарық дүниеде өмір сүріп жүргендердің кемістігі болмауы мүмкін емес. Кемістігім жоқ десе, ол өмір сүрмегені.

Әрине, әркім-ақ кемістігім болмаса деп ұмтылады. Қолдан келсе, бәрінің періштеге айналғысы бар...

Тұғанда көлеңкем болса, өмірімде де, өлгенімде де көлеңкем болады деп әнеуқұні айттым. — Баукең аздап езу тартты. — Мен елден ерек емеспін, барлық ірімдеріммен өмір сүремін...

Кейбіреу өзінің емес, өзгениң көлеңкесін көргіш, сынап-мінегіш келеді. Бұл неліктен?

Мен үндемедім.

— Эй, жауап қатсаңшы?!

— Өзіңіз айтыңызышы?

— Бұл тоқмейілсуден, озін жұрттан ақылды, білгіш санаудан. Мұндай адам тек менің айтқаным дұрыс,

шындық тек мен жағымда деп ойлайды. Сөйтіп нағыз ақымаққа айналады. Бұл өте қауіпті. Керісінше, көлеңкесін көріп, мойынданай білген, одан құтылудың жолын іздеген адам ақылды. Түсінген жаңға көлеңке – ой, түсінбеген жаңға көлеңке – ор. Үқтың ба?

– Үқтым.

– Үқсан айт, көлеңкесі аз адамдар кімдер?

– Кішіпейіл жандар.

– Дұрыс. Оларға барлық уақытта сенуге болады. Себебі олар адап жандар. Ал адап жандар өзін өзі қор санауға қарсы.

Баукең ойын іштей түйіндегісі келгендей біраз ұнсіз қалып, қайта сойладі.

– Мінсізбін деп ақымақтар ғана ойлайды. Ол жай нәрсе. Бәріміз де күнәһармыз. Ал бірақ кемістігін түзетсе, түзетуге үмтүлса, онда ол азаннан кешке дейін, былтырдан биылға дейін мінсізбін деп айта алады.

Кемшілігін мойынданай біліп, оны түзей білген адам – адам... Мысалға сені алайық. Бірінші, екінші, үшінші кемшілігіндегі өзің мойындағын. Мойында масан, мен айтып бере аламын. Түсіндің бе?

– Түсіндім.

– Кемшіліксіз адам кездеспейді, – деген Энгельстің сөзіне Маркстің қызы қарсы шығып, ренжісіп қала жаздаған.

– Мениң өкем және сіз коммунизмің мінсіз адамы үшін күреспелініздер ме? – депті. Сонда Энгельс:

– Қымбаттым, мінсіз адам болған емес, болмайды да. Себебі әр адам – индивидум. Біздің ғылымымыз негізінен қоғам туралы ғылым. Коммунизм қоғамы – адамгершіліктің қоғамы, бірақ онда есуастар болмайды деп Маркс те, мен де айтқан емеспін. Айтпақ түгілі ойлаған да емеспіз. Біз өз ғылымымызда есуастық пен қылмысты тудыратын қанаушылыққа, капитализмге қарсы құрестік. Біз ешқашан да қоғамдағы мінсіз адам туралы айтқан емеспіз, біз мінсіз қоғам құрылышы туралы айтқанбыз. Бұл жөнінде сіз қателесесіз. Кемістікті адамдар феодализм, капитализм қоғамына қарағанда әлдеқайда аз болады, өз жетістігімен, өз кемшілігімен адам коммунизмде де адам күйінде қалады. Болашаққа үзілді-кесілді рецепт бере алмаймыз. Сізсіз де біздің қарсыластарымыз аз емес.

Маркстің қызы ақылды екен: «Бұдан былай мен таласқа қатыспаймын», – деп қатесін мойындағапты.

Баукең орнынан тұрып, бөлме ішін кезе бастады.

— Көленкемді көрсетпеймін дейтін кіслер қып-қызыл ақымақ. Олар көленкемізді көрсетпейміз деп қанша тырысқанымен, қалай көрсеткенін байқамай қалады. — Жаныма жақын келіп, түсін дегендей қаһарлана қарап қойды. — Көленкені көре білу керек, көленкесе әр түрлі. Жаманың көленкесі мен жақсының көленкесінің айырмасы жер мен көктей! Жақсы да, жаман да көленкесіз болмайды. Әлде бола ма?

Мен үндемедім.

— Оны түсінбесен, ағаш та, өсімдіктер мен малдар да, тау мен тастар да көленкесіз болмайды. Олар күннен өулие емес! Әріберіден кейін күннің де көленкесі бар.

Әрине, жаңа айттым ғой, көленкесе әр түрлі болады. Біреудің көленкесінде біреулер жан сақтайды, өмір сүріп, өсіп-өнеді. Біреулердің көленкесін саялаған кіслер тұқым-тұқиянымен құрып кетеді.

Баукең орнына кеп отырып:

— Кемістігім жоқ деген кісі ақылды емес, — деп екі саусағын қатар көрсетті. — Кемістік пен қасиет екеуі былай қатар жүреді. Тамырын алсаң — кемістік те халықтан шыққан, тамырын алсаң қасиет те халықтан шыққан. Сонда кемістік пен қасиеттің қатар жүруі — жаратылыс екеуін қатар алып салыстырсын деген. Егер екеуі қатар жүрмese, онда кемістік кемістік, қасиет қасиет болмас еді. Кемістік қатар жүрмese, қасиетке баға бере алмайсын, оны қасиет істей алмайсын. Қасиет қатар жүрмese, кемістікке баға бере алмайсын, оған ақылың жетпейді. Екеуінің қатар жүруі дұрыс.

Әдебиетте идеальды деген сөз бар. Қарағым, көніліңе келсін, келмесін, бұл жай сөз. Кемшіліксіз қаһарман жоқ және болуы да мүмкін емес. Мұны мен оқырман ретінде айтып отырмын. Идеальды, кемістіксіз қаһарман жасаған әдебиет дәстүрін ақымақ дәстүр деп ойлаймын. Көне грек, испан, француз, орыс классикалық шығармаларын алшы, оларда кемістіксіз қаһармандар жоқ. Лев Николаевич Толстойдың кейіпкерлеріне ой жүгіртші, бәрінде өздеріне лайықты кемістіктер бар. Пушкинде де солай.

Олар жетістігін суреттей отырып, мынандай кемістігі де бар еді дейді. Осы дәстүрді мен оміршен дәстүр деп білем. Мысалы, Пушкиннің кемістігі болған жоқ деп айтып коріндер? Ол — данышпан, бірақ кемістіктері

бар. Соны Лермонтов түсініп, кінә тағады. «Ақын ажалы» деген өлеңін оқы. Онда ол Пушкинді мақтайды бермейді. Мақтап-мақтап кеп: «Жан шошынар, ой тұншығар сол ортаға бардың қайдан?» – дейді. «Ұсақ ғайбат қорлығына, төзе алмады ақын жаны» деген жолдар да бар. Солар арқылы қатын өсекке шамданып қалдыңыз деп Пушкинге кінә тағады.

Данышпан Абайдың да өзіне лайықты кемістігі бар. Оны өзің ойлан, мен айта бермейін.

Кемістігі жок адам – бақытсыз адам деп айттым ғой. Кемістік пенен жақсылық қатар жүрмесе, бақыт жок.

Кемістік пен жетістік жеке адам мен қоғам өмірінде де қатар жүреді. Онсыз даму жок. Бұл менің ойым емес, шырағым, бұл Энгельстің ойы. Мен ол кісінің шығармаларын оқып отырып, осылай түсіндім. Дұрыс түсіндім бе, теріс түсіндім бе, оны өздерің біліндер.

Энгельстің «Отбасы, жекеменшіктің және мемлекеттің шығуы» деген шығармасы – ұлы шығарма. Мен Америка ашып отырғаным жок, түсінгенімді айтып отырмын.

Ақымақтар болмаса, ақылдылар қайдан шығар еді? Слава богу у нас существуют дураков, поэтому у нас появились умные. Түсіндің бе?

Жоқшылық болмаса, баршылық қайдан шығар еді? Баршылық жоқшылықтың азабын көргеннен кейін шығады. Дұрыс па? Әдепсіздік болмаса, әдептілік қайдан шығар еді. Әй, мынау дұрыс емес деп әдептілік шыққан.

Мұндайларды айта берсең, толып жатыр. Маркс қызының сұрағына: «Бақыт дегеніміз – күрес» деген ғой. Жауабы оте дұрыс, ойы қызық. Мұны тек таптық күрес туралы айтылған деп жүрсіндер. Отбасында күрес жок па? Тұған-туысқанның арасындағы күрес ше? Келінмен үнемі тату тұрамыз, ауыз жаласып жүреміз десең, мен сенбеймін. Кейде бір әке, бір шешеден тусақ та алакөзденіп қаламыз

Махатма Ганди Индияға көсем болған кісі. Сол кісінің: «Познание Вселенной начинается с своей родной деревни. Очень жаль, если оно там кончается» – деген сөзі бар. Сол кісіден бұрын қазақ «Ұяда нені қөрсөң, үшқанда соны ілерсің» деп айтқан екен.

Баукең темекі тұтатып тартып, көк тұтінді будақтата отырып:

– Коленкенің де көлеңкесі болады. Оны түсініп, дұрыс қөрсете білу керек, – деді жігерлене үн қа-

тып. — Көсемнің де көленкесі бар! Неге десен, ол да пенде ғой.

Әрине, біреудің кемістігі көп, біреудің кемістігі аз. Шын адам алдымен өзін-өзі сынауы, абайсызда жіберген қатесіне қап деп өкініп, оны түзеуі керек. Ол да онай емес.

Болдым, жеттім деу — үлкен қателік. Мактаншақтық, өркөкіректік сол қателіктен шығады. Істеген қатені мойнына алу — ерлік, мойнына алмау — корқақтық.

Өмірде қатесін түсініп, мойнына алғандар азырақ. Менің айтқаным пайғамбардың сөзі деу — ақымақтық.

Біз жас ұрпакты жақсы дәстүр негізінде тәрбие-лейміз. Жақсылықтың қанатында әрі-беріден кейін жамандар да уша алады. Қындыққа кім болса сол шыдай бермейді. Алдымен, өзінді үстай біл.

Адам «түййыққа тіреліп тұрмын, не істеймін?» деп іштей арпалысады. «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» деген нәрсе — өлем деме, өзінді өзің жеңе біл, кімнен әулиесің, намысына тырыс, өлсен де, намысыңды жоғалтпай өл деген сөз.

Бір мысал. Наполеон туды қушақтап құлап жатқан орыс офицерін көріп, атының тізгінің тартып токтайды. Қолымен нұскап:

— Міне, сұлу өлім! — деп қасындағыларына ала көзімен қараған екен. Бұл қаастан сен не үғасын?

— Өлсен, ерлікпен өл...

— Ақылың бар ма?! — деп Баукең кілт ашуланып, сөзімді аяқтапай бөліп жіберді. — Оның ала көзімен қарауында өлім туралы емес, ерлік туралы, яғни «мына жігіттей ер бол!» деген ой бар...

Баукең ызғарлы да қатал пішінге еніп, маған көнілі толмағандай сыңай танытып, біраз үнсіз, тесіле қарап отырды.

Ішімнен: «Сөзге бекер-ақ араласқан екем» — деп өзімді өзім кінәладым.

— Бұдан артық не керек, соңғы демі біткенше қаруын қолынан түсірген жоқ дегендей, ол жаудың солдаты болса да құрмет танытты емес пе?

Олтіре білу — парыз. Ол өз алдына, өле білу де — ерлік!

Баукең аз-кем бөгеліп:

— Сынған аяғымның қақсай бастағанын қарашы? Е, мейлі, жұмыс іstemесен, омір сүріп не керек? — деді қинала қабақ шытып. — Жұмыс — нан табу үшін

той. Ал менің наным бар, жетеді дегенім азаматтыққа жараспайды. Қолдан келгенше қоғамға пайдалы жұмыс істеу керек.

Бір жиналыста: «Я считаю своим гражданским и священным долгом до последнего дыхания верно служить Советскому Союзу. Я гражданин СССР» дегем.

Бұл – ант. Бұл антты беріп отырған он бестегі бала емес, жетпістегі шал. Шал болсам да, халқымның ары үшін өртіне де, сұына да бармын. Ұқтың ба?

Мен үндемедім.

– Қаншама атағы болса да: «Ойбай, мына жерде сүрініп қалыптын, мына жерде жығылып қалыптын» – деп ойламаса, қын.

Әр адамның басындағы жақсылық пен кемістіктің қайсысы басым, ол өз алдына әңгіме, ол тарихи мәселе. Партияның сын, өзара сын деген талабы бар. Ол – дұрыс талап. Әйтсе де өзара сын бізде нашар. Бір мақтансақ, ертең құздан құлап онбай қалатынымызды білмей дарылдаپ кетеміз.

Әркім өз орнын білуі керек. Өз орнын білу үшін ойлану керек. Мен, мен деу есерсоқтық. Немене сенен басқа адам құрып қалды ма дегенді жүрт естіртіп айтпаса да, ішінен ойлайды той. Оны қою керек.

Жақсы, жаман болсын, сенің ұжымың бар. Ұжым – мектеп. Оның өзінде әр түрлі, әр сырлы адамдар болады. Олардың әрқайсысы өз ұжымының, өз басшысының талап-тілегіне өзінше қарайды. Біреуге жаққаны біреуге жақпайды.

Өз ұжымының бас бармағы, әлде ортан қолы, не шынашағы ма, бәрібір әр адамның қоғамымызда орны бар. Оның қоғамымыз туралы (басын көрсетті) мына жағында ойы жатады. Мысалы, екі завод, екі фабрика ұжымын салыстырсан, кей кезде бір-біріне үқсамайды. Әр ұжымда келіспеушілік, қарама-қайшылық аз емес, толып жатыр. Бұл табиғи занды.

Бүгін абайламай айтып қап, ертесіне өкінетіндері де бар.

Кейбіреуі «менікі дұрыс» деп белсенді-селсенді болып жүр. Онсыз мүмкін де емес. Абайламай сөз айтты деп кінәлауға болмайды. Оны айтқан ол емес, айттырған ұжым, оның басшылары.

Елдің аузына қақпақ сап қоясың ба? Абайлап сойлеуді құдай әркімге берген емес.

Баукең маған шүйіле қарап:

— Кемістігім жоқ дейсің, сонда сен періштемісін?! — деді даусын қатайтып. — Хе-хе-хе. Кемістігім жоқ дейтіндер нағыз онбағандар!

Пенде болған соң отбасын, жора-жолдастарын болады. Олардың әсері, ықпалы бар.

Әй, шырағым, өмір дегенді түсінгін, ілгеріде айттым ғой, жетістік пен кемшілік болмаса, ешкім ойланбайды. Кемістігіңсіз, жетістігін түкке тұрмайды.

Қалайша сенің өмірінде бәрі сәтті, ал басқаларда сәтсіз. Сенде де сәтсіздіктер бар ғой. Солай емес пе?

— Солай.

— Ешуақытта бәрі сәтті, бәрі тәтті болмайды. Үнемі тату тұратын туыстар да жоқ. Кім «бізде бәрі сәтті, бәрі тәтті» десе, ол — жалған.

Бұл жағынан сен алысқа жүгіріп мысал ізdemей-ақ кой. Екеуміздің қарым-қатынасының жынырмалы жылдан асты ғой, шырағым. Кемістігімді сен менен жақсы білесің. Өйткені кім-кімнің де көлеңкесі сырт козге тез шалынады. Бірақ сен оны қалай көресің, оны қалай түсінесің, ол мұлде басқа мәселе.

Кемістікті «неліктен бұлай, қалайша осылай болды?» деп түсіну керек. Бір кездесуде сөйлегенімде былай деппін:

— Біздің үрпақтың да кемістіктері болған. Сол кемістіктердің өтеуі оңайға түскен жоқ. Бұл пәленді істедік, түгенді істедік дей келіп айтқаным ғой.

Баумен темекі түқылын күлсалғыш ернеуіне қисайта қойып, шашын кейін қарай жатқыза тарады.

— Сен маған: «Сіздің өміріңізде қателер болды ма?» — деген сұрақ қойғын! — деді бұйыра сөйлеп.

— Сіздің өміріңізде қателер болды ма?

— Менің өмірімде, қарағым, көп қателер болды. Мен 207 рет ұрысқа қатысқан адаммын. Оларды қатесіз өткіздім деп айтуға аузым бармайды! Қателеспедім, кате жіберген жоқпын дегендерге мен сенбеймін. Қарсыластар ешуақытта бір-біріне сырын айтпайды. Әрқайсының мақсаты — мынаны қай жерде қателестіремін, қай жерде сүріндіремін деген мақсат. Бұл — соғыстың заңы. Мен сол мектептен, мектеп аз болар, сол университеттен өткен кісімін.

Сәл бөгеліп:

— «Құдай жасты береді ақымаққа», — деді ондете. — Бұл менің емес, халықтың сөзі. Мысалы, Лермонтов, Шоқан Уәлиханов, Сұлтанмахмұт Торайғыров отызға

жетер-жетпес, Пушкин отыз жеті жасында, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауитов, Тұрар Рысқұлов қырықтан аса өлген. Бұдан да басқа мысал көп. Олардың бәрінен мен көп жасадым. Әрине, мен олар емес-пін, бірақ олардан өзгешелігім де бар...

Олар көргенді мен көргенім жоқ, мен көргенді ол кісілер көрген жоқ. Сол себепті әрқайсымыздың үғымымыз, сезіміміз әр түрлі, шырағым. «Құдай жасты береді ақымаққа» дегеннің тамыры қазактың «көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» деген нақыл сөзінде жатыр.

Көпті көру – тәжірибе деген сөз. «Көп көрген – нұсқа, көп істеген – ұста». Мен, шырағым, мұны бекер айтып отырған жоқпын. Мен көп жасаған кісілерді де көрдім.. Көп жасаған мен көпті көргеннің айырмасы жер мен көктей екен...

Қайта темекі тұтатып, тартты.

– Кейбіреудің бір жылда көрмегенін кейбіреу бір күнде, он жылда көрмегенін он сағатта көреді екен. Оларға мен бұрын түсінбеппін, оны жасым ұлғайғандада ғана байқап, түсініп отырмын. Кей жағдайларды есіме алып, «қап, олай емес, былай болу керек еді ғой» деп өкініп отырмын.

Өткен өтті, кеткен кетті, шырағым. Оларды қайта оралту мүмкін емес. Оған мен түсінем. Бірақ та өкініш салмағы қартайғанда ауыр болады екен...

Әрине, мен қатал жағдайда көп қателескенім жоқ. Ал жай өмірдегі қателерім аз емес. Оның кейбіреуі есіме түскенде «қап!» деп қатты өкінемін. Бұларды түзеуге мүмкіншілік жоқ. Өкінішім, білсең, сонда...

Табиғат маған бәрін аямай-ақ берген екен. Мениң қателерім, ойласам, жақсылықтарымнан он есе асып жатыр. Мадақтағанды да, мактағанды да естідім. Неге мадақтайды, неге мақтайды деп ойлансан, кемістігім аз көрінбейді. Соған өте қынжыламын...

Оларды түзеуге енді жас, уақыт жағынан шамам жетпейді. Оны да мойындаимын.

Қателескен жоқпын деушілерді мен түсінбеймін. Қателеспейтін пенде жоқ, қателеспейтін басшылар да болған емес. Маған сенбесең, тарихқа жүгінгін. Қателеспеймін деген нәрсе қып-қызыл тәкаппарлық. Мысалы, Петр Бірінші мен қателеспеймін деп айтқан емес. Ол кісі шведтердің королі Карл XII-мен соғысты ғой. Бір женілгенінде қолын қотеріп:

— Карл, жарайсың! — деген екен. Бұл, сенің ерлігінді таныдым деген сөз той, түсінсең.

Карл де ақылды кісі болу керек, «Петр өстіді, мен қайттім?» деп он қолын көтеріп:

— Петр, сен де жарайсың! — депті. — Мен өз әскеріме шабуылды тоқтат деп бұйрық беремін. Не істеуді өзің біл! — Қолын бір сілтеп бұрылып кетіпті. Петр Бірінші де әскеріне атысты тоқтатындар деп әмір етіпті. Елшілер:

— Енді қайттік? — деседі.

— Осымен бүгінгі үрысты бітірейік, жөндеп сөйлесейік, — деп екі жағы келіссөз жүргізеді. Бұл — ерлікті мойындау деген сөз. Петр Бірінші шведтерді үстазым деп жайдан-жай айтпаған...

Баукең темекі тұтінін үрлей:

— Шырағым, мен ұлы қолбасшы емеспін, мен мемлекеттің ұлы саяси қайраткері емеспін. Бар-жоғы полковникпін.

Сен мені үйімде ғана көріп жүрсін. Басқа жақты қойғанда, менің осы үйімдегі қателерім де аз емес. Соғыс кезінде қателерім көп болып еді, демалысқа шыққан соң бәрі ойдағыдай-тойдағыдай деуге аузым бармайды. Сен жазушысың, психологсың, көріп жүрсін. Мен өзімді қателері жоқ кісілердің қатарына қоспаймын.

Құдай адамға нысапты бермеген екен. Адамда нысап жоқ. Кейде шүкір-мүкір дегеннен аулақ, боп кетесің, алғаның аздай, тағы да алсам дейсің. Нысапсызық сол болады.

Жастардың бір ерекшелігі бар. Олар ашық, сенгіш келеді. Олар бізді, жазушыларды, өулие санайды, мұнысы — адасушылық. Себебі олар жарық жағымызды ғана көріп, көлеңке жағымызды көрмейді. Сол себепті жастарға обал. Біз оларға жарық жағымызды ғана көрсетіп жүрміз. Көлеңке жағымызды көрсетуге ерлігіміз жетпейді.

Әрине, алдаудың түбі саяз келеді. Жастар бүгін түсінбегенмен, ертең не бүрсүгіні түсінеді, бүрсүгіні түсінбегенмен, келесі жылы түсінеді. Жасыратыны жоқ, бізді қайсыбір ағаларымыз алдағысы да келді... Алдандарды да бар... Бұл өте қайғылы...

Баукең темекі тұқылын құлсалғышқа тастанап, журнал столының үстінде жатқан қалам, қағазды қолына ап, түрегеп түрған жалаңаш әйелдің суретін салды. Оны түзу сзықпен қырынан тік екіге бөлді. Ол бөліктің біріншісін жарық, екіншісін коленке жағы деп атады.

— Мені алжыған шал деп отырсың ғой. Кімнің алжыған, алжымаганың бір құдай біледі. Сендер адамның бетіне, сырт тұлғасына, яғни жарық жағына қарап қана қортынды жасайсындар, — деді шамдана сөйлеп. — Ал көлеңке жағына көңіл бөлмейсіндер. Білсендер, барлық құпия көлеңке жағында жатыр. Ол — шындықтың темір сандығы. Адамның құпия сырьы жарқылдаған сырт тұлғасында емес, миында, жүрегінде, яғни көзге көрінбейтін көлеңке жағында.

Жарық жағы — жарнама. Жарнама деген не? Ол — қызықтыру деген сөз. Тарту үшін елдің бәрін қызықтыру керек. Мұны сен түсінемісің?

Мен үндемедім.

— Мидың терісі, шашы, сүйегі бар. Ми көрінбейді ғой. Кім көріпті?

Баумен басын, қеудесін көрсетіп:

— Жүректің қанша қалқаны бар? Емшек, ет, май, бұлшық ет дегендерді қайда қоясың?! — деді қатты дауыстап. — Ол аздай, қабырға, төс сүйегі бар. Сонда жүректің қорғаны бесеу ме? Есеп жасашы?

Адам бір-бірінің сырын білмей қателеседі, себебі оның жарық жағына мәз болып, көлеңке жағын көре алмайды.

Баумен қайтадан басы мен қеудесін көрсетті.

— Барлық мәселе мына жақта! Ал сендер жылтыраған сұлу бетте, сырт көріністе дейсіндер!

Жарық жағынан жүректің бір шеті ғана көрінеді. Соған мәз болып, «жүрегін сездім» дейсін. Несін сездің? Оны сезем десен, көлеңке жағын көре біл.

Тарих, өмір туралы да осыны айтамын. Бұл схемадан алысқа кете алмайсың. Кетіп көрші?! Бұл табиғи схема. Мұнда ешқандай дәрекілік жоқ.

Адамдарды түсінуің — олардың көлеңке жағын көре білуіңе байланысты. Біз өмірде де, әдебиетте де, ғылымда да осы екі жағын шатастырамыз. Басты қатеміз осында.

Көлеңке жағымызды ашып көрсете алмай келеміз. Бұл мәселе классиктеріміздің өзінде де толық шешімін тапқан емес, таппайды да.

Ги де Мопассан, Проспер Мэриам, Гоголь көлеңке жағымызды көрсетуге әрекеттенді, бірақ мұны олар толық жүзеге асыра алмады. Перденің шетін ғана ашты.

Әр түрлі жағдайға байланысты кемістікке жол берे бермеу керек деген принцип өте дұрыс. «Жаман мұрын

сасық иіске үйір» дегеннің керін келтірмей, жас ұрпакты жақсы дәстүр негізінде тәрбиелеуіміз керек. Сол себепті көлеңкені қалай, қай жағынан көрсеткен жөн деген мәселе бәрімізді ойлантса керек.

Баукең аз-кем кідіріп, қайта сөйлемеді.

– Біздің қазақ – ақылды халық. Оның көлеңке туралы тағы бір сөзі бар. Түсіне білгенге, ол да терен сөз. Қазекен «Көлеңкенен қашып құтыла алмайсың» депті. Соны айтып қарқ-қарқ күлеміз. Ол түсінбеушілік. Бұл сөзде қанша философиялық, психологиялық, табиғи терендік жатыр.

Біз осы күнде сын, өзара сын деп жүрміз ғой. Ол түк емес, сынның төркіні, негізі – «көлеңкенен қашып құтыла алмайсың». Бұл – терен, дана сөз. Мұның мәні өзін-өзің сын көзбен қарай біл, абайлап сөйле, аяғынды андал бас деген сөз ғой, ә? Мен солай түсінем.

Аулымыздың бір ақсақалы есімде. Жасы сонда секунде болу керек. Аты Шұғал еді. Әкем атын атамай жәке дейтін.

Сегіз, тоғызыдағы кезім. Шұғал – ірі, сақалды кісі еді. Жартысы ақ, жартысы қара сақалы кіндігіне түсетін. Әкеме (жамағайын інісі ғой) қатты сенеді екен.

– Әй, Момынтай, бері кел! – деді.

– Иә, жәке.

– Мұртым есіп кетіпті, мұртымды басып бергін. Қайшың бар ма? Кеше быламық ішіп отырғанда мұртыма жабысып, есімді шығарды.

– Ойбай, жәке, қазір.

Әкем жүгіріп барып ұстарасын, қайшысын әкелді.

Шұғал орта дәулетті кісі еді, он екі ұлы болды. Соңғы ұлына әйелі толғатып, босанайын деп жатса:

– Иә, құдай, он бір ұл бердің, енді бір қыз бергін,

– деп тілеген екен.

Баукең бар денесімен селкілдей күлді.

– Е, құдай, он бір ұл бердің, енді бір қыз бер, – деп үйдің сыртында отырып тілек тілейді. Іштен бір әйел сүйінші сұрап, жүгіріп шығады.

– Кім туды?

– Ұл туды. – Сонда Шұғал:

– Құдай тағала-ау, не жазығым бар еді? Бір тілегімді бермедің ғой, – деп жылап жіберіпті. Елдің бәрі қуанып, күліп жүргенде, Шұғал еңіреп жылапты. Әкем:

– Шұқір етініз, кімді беру, кімді бермеуді Құдай өзі біледі, – деп тастапты. Сыйлайтын інісі, басқа

кісілер тәйт деп айта алмайды ғой. Ол кісі өкемді Момыш демей Момынтай дейтін. Өле-өлгенше Момынтай, Момынтай деп кетті. Өзі кішкентайынан еркелетіп өсірген екен.

Бұл жолы ашуланып, «тәйт!» деп айқайлапты. Ол кісі «тәйт!» – дегенде, елдің бәрі таң қалып қарапты. Бір жағы бұл алжыған шалдың мұнысы несі, он екі үл рекорд емес пе деп ойлапты.

– О, құдай-ая, не жазығым бар еді? – деп шал күніренеді. – Шұқір, он бір үл бердің, енді бір қыз берсен, нең кетер еді? Ұлдарымды үйлендіремін (улкендері үйленді ғой). Қыз сұрап отырғаным, енді қыздың да қызығын көрейін деп едім. Осы жолы қыз болар деп күткен ем. Тағы да үл беріпсің ғой, – деп наразылық білдіріпті. – Қыз бергенде қуанып, бойжеткізіп, той істеп, ұзатайын деп едім...

Осы асыл ойлы атам, бірде өкеме қатты ренжіпті. Ол кезде өкем ауылда старшын (осы күнгі селолық кенестің төрағасы) екен. Болыс елге салықты сала береді. Алған кісіде ешуақытта нысап болмайды, тағы алсам, тағы алсам дейді.

Болыс деген нағыз өзімбілермен есерсоқ! Оязға, приставқа пара беріп, тілін алдырады. Қылыш асынған біреу келе жатса, қорқады.

Сонда өкемнің бір әлсіздігі болыпты. Әнеуқұні салық, бүгін тағы салық, ел төлей-төлей сансырайды.

– Бұл неткен таусылмайтын салық? Әнеуқұні ғана төледік емес пе? Өзің құрисың ба, салығың құри ма?! – деп ел шулайды. Әкем болыстан қорқады, айтқанын орында маса, сабайды. Ана жақтан болыс қысып, мына жақтан жұрт көнбей, өкемнің зығырданы қайнайды. Екі оттың ортасында қалу оңай ма?

– Менің тілімді алмадындар, кеттім! – деп атына мініп шаба жөнеледі.

– Әй, Момынтай! – деп Шұғал шал айқайлапты. – Қай!

Ол кезде үлкенді сыйлау – дәстүр. Және Шұғал қажыға барған кісі екен. Бір жағы – ағасы, бір жағы – қажы, әкем сүйретіліп қайтып келеді. Басқалар «Шұғал қазір Момышты ұрады, өкесін танытады» деп күтеді.

– Иә, қажеке, мыналарға өстіп айтып едім, көнбейді. Болысқа не деймін? – деп өкем туыстарын кінәлай сөйлейді. – Болысқа масқара етті, бұларды мен көрмеймін!

— Эй, шырағым, Момынтай, — дейді Шұғал шал. — Бәрі тыңдал түр.

— Туысқан емессіндер, мені қолдамадыңдар, бездім сендерден! — депті ашу үстінде өкем.

— Немене қайта-қайта салық! — деп ел шулапты. Шұғал шал тыңдал отыр.

— Туыс деп жұрсем... Сендерден бездім.

Әкемнің осы сөзі Шұғалға ұнамапты.

— Эй-и, Момынтай! Абайлап сөйле, қарағым. Көленкенен қашып құтыла алмайсың!

Баукең рахаттана күлді.

— Это убийственное слово. Отыргандар да үндемей қалыпты. Әкемнің аузына да құм құйылыпты.

Шұғал қайтыс болған. Бір әңгімелесіп отырганда өкем шалды құрметтеп есіне алып, өзін-өзі сынай: «Шұғал осылай деген еді, балам» — деп айтып берген болатын.

— Эй, туысканнан безіп қайда барасың? — деудің орнына қалай образды сөйлеген. Сөйтіп өкем таяқ жеген екен.

Шұғал жазушы, ақын болған кісі емес. Это народная мудрость. Бұл бүгінгі өмірге де жарайды. «Асқактама, қанша көтерілсөң де, қашсаң да, көленкенен құтыла алмайсың». Мұны кім айтты? Ауылдың кәдімгі көп жасаған қара шалы айтты.

Бұл, шырағым, қазір есіме түсті. Қанатты сөз гой, ә? Тағы қатардағы емес, қанатты сөздің ең күштісі. Бұл біздің бүгінгі сын, өзара сынның пірі болады.

Біз отырган болмеге күн сөулесі түсе бастанды. Баукең терезе жаққа ойланға қарап:

— Кемістігінді сезсен, ақылның кіреді, — деп сөзін ары қарай жалғады. — Кемістіктің бір жақсы қасиеті — «қап!» дегізіп өкіндіреді, ұлтады. «Кой, бұдан былай мұны істемеймін» дегіздіреді. Кемістігін сезбеген ақымақ қүйінде өледі. Эй, шырағым, жаманшылық болмаса, біз жақсылықтың не екенін түсінбес, білмес едік. Жақсылықты жамандық арқылы біліп жүрміз.

Бұл — өмір деген нәрсе, шырағым. Көленкесіз өмір жоқ. Әрине, біз жақсылық женсін дейміз. Ол үшін өз көленкенді өзің көре, сезе білуің керек...

Баукең ұзақ ойға батып, әлден соң, басын жоғары көтеріп, маған тұра қарап:

— Коленке дейтін нәрсе, бейнелеп айтсам, мұхиттың толқынындей, — деді салмақты тіл катып. — Мұхиттың толқыны біздің планетадағы үлкен оқиға.

Неге десен, біздің жер мұхиттың үштен бір бөлігі ғана. Қалғандары су.

Жақында газеттен оқыдым. Мұхит тереңін өлшеудеге Американың 32 жасар капитаны әрекет жасапты. Өзі ақылды капитан болу керек. Демі бітер алдында: «Жанжағым күйреп барады. Бәрі қайтыс болды. Қош болындар» — деп үлгерген. Мұхиттың толқындары болаттан жасалған қорғанысты тындалмаған, талқандап жіберген. Түсіндін бе?

Мен үндемедім.

— Түсінсең — түсін, түсінбесең — қой, мен көлеңкені мұхиттың толқынына бекер теңеп отырғам жоқ.

ҚЫЗЫЛ ОТАУ

— Бала кезімдегі бір оқиға есіме түскені, — деп Баумен темекі тұтінін көкке үрлей отырып, әңгімесін бастады. — Ол кездे жазда киіз үйде тұратынбыз. Сауатсыздықты жою туралы декрет шыққан соң бар күшжігер жұртты сауаттандыруға жұмсалды. Мектеп жоқ, мұғалім, оқулық жетіспейді.

— Келіндер, оқындар.

— Е, бұл несі тағы? Ана жақта тірлігіміз бар, — дейді жұрт. Сонда халықты оқытуға тарту үшін қызыл отау үйімдастырылды. Балаларды, үлкендерді жинап оқытады. Әліппеден бастап, соңынан өлең айттырады, ән шырқатады. Садық Абыланов: «Қарақтарым, бері келіндер», — деп халық әндерін, жаңа шыққан революциялық әндерді үйретеді.

Ауыл адамдары кешкілік малын жайғастырған соң, «балалардың әнерін көреміз» деп қызыл отауға жиналып барады. Керосин шам.

Концерт бастамас бұрын, біреу: «Жасасын Совет өкіметі!» деп сөз сөйлейді. Артистер — оқушылар. — Баумен мәз бола күлді. — Домбырадан басқа музикалық аспап жоқ. Билет сатылмайды. Репертуарымыз — халық әндері, тақпақ.

Құрманбек Сағындықов екеуміз сахнада қосылып ән салатынбыз. Он үштердегі кезіміз. Қайырмасын:

— Жан қалтамда кос өрік.

Сәулем саған мен серік. Аха-ха-ая,

деп бітіретінбіз.

Жұрттың бәрі қол соғып, мәз болады. Олардың сондай құрметі осы бүгінгі халық артистеріне көрсететін құрметтен артып жататын.

— Ой, жақсы бала екенсіндер ғой, тағы бір өн салындаршы? — дейтін. Қол соғу сыры — осы тілек.

Садық Абылановтың ағасы Ізбасар домбыра тарташын. Мен бірде ақын Мағжан Жұмабаевтың «Шалдың үміті» деген өлеңін оқымақ болдым. Ізбасар ағай:

— Әй, мына жерін бүйтіп оқы, — деп кеңес берді. Ол кезде фамилиямыз аталмайтын, атымыз ғана атладады.

Кешкілік жұрт алдына шығып, өлеңді оқып болғанымда:

— О, айналайын, мына жақсы бала екен ғой, — деп ел шулап кетті. Сахнадан шымылдық қалқасына келсем, Ізбасар ағай күтіп түр екен. Қолымды алып:

— Айналайын, дұрыс оқыдың, — деді.

Арамызда Сатылған деген ұзын бойлы, ренді бала бар еді. Қазір ойласам, өзі тума талант екен. Әнді нәшіне келтіре орындаштын. Ол кейін агроном болып жүріп, Жамбыл облыстық драмтеатрына ауысты. Сөйтіп біздің қызыл отаудан бір халық артисі шықты. Ал қаншама адам сауаттанды десенші?!

АҚМЕНТЕЙ БАТЫР

Сағат таңғы он жарым. Есікті Жәмила жеңгей ашты.

— Кел, қарағым.

Аяқ киімімді шешкелі босага маңында бөгеліңкіреп қалдым. Жеңгей ұйықтайтын бөлмеге еніп: «Келген Мамытбек қой», — деді.

— Мамытб-е-ек! — деген іштен Бауыржан ағаның біртүрлі көнілді, жылы, сағынышты әрі еркелеткен даусы естілді. Аяқ киімімді шешіп, ұйықтайтын бөлмеге ендім.

— Ассалау мағаликум, аға!

— Ұағаликумсалам. — Баукең созған қолымды құлімсірей алды.

— Кел, қарағым, мына жерге отыр. Залға баруға әлі ерте. Дастанхан жасағанша босқа күтіп қаламыз.

Мен үйреншікті орныма тез жайғастым.

— Денсаулығының қалай, аға?

— Онша мақтарлық емес. Терлей берем. Терлегенді

жек көретін кісі едім, төзбеске амал жоқ. Тіпті қатын үрейленсе керек, бір-екі рет жедел жәрдем шақыра да жаздады. Мен ырық бермедім. Шақырса, емдейміз деп алдып кетуі мүмкін. Ауруханадан әбден мезі болдым, аурухана да менен мезі. Күйгенде ашық тымаудан емес, жабық, жасырын тымаудан күйдім. Шүкір, кешелі бері біраз тәуірмін.

Кресло арқалығына сәл шалқая, сөйлеп отыр.

— Бұдан бірер жыл бұрын Москвандың қалалық дәрігері, профессор Ивановскийге барып көрініп:

— Сырқаттанып жүргеніме үш жыл болды, — дегенімде, ол тексерे келіп:

— Сіздің ауырғаныңызға үш жыл емес, отыз жыл болған, жолдас полковник. Осы кезге дейін жастық қызулықпен білмей келгендісіз, — деді.

Мен 1941 жылдың бесінші желтоқсанында жонарқамнан жарапандым. Оқ омыртқама тиіп, сүйегін біраз майыстырғанмен жұлынға жетпей қалған. Жұлынға жетсе, бітті ғой, сеспей қатамын. 1942, 1943 жылы екі рет контузия алдым. Соның бәрі жинала келіп, жүйкеме өсер еткенге үқсайды. Тегінде адам ашууламам деп ашуланбайды ғой. Кейде болмашы нәрсеге кейитінім де бар.

Откен жексенбіде жаяу жүрген пайдалы ғой деп, таяғыма сүйеніп, 28-ші панфиловшылар паркіне барған едім, көрмеймісің (он аяғын сол тізесіне қойып көрсетті), мына табаным төрт жерінен ойылып шыға келді. Сүйек пен терінің арасында ет жоқ. Адамнан ет қашқан соң, күш те қашып, тез шаршағыш келеді екенсін.

Қолының сыртындағы көк тамырын ұстап, маған қарай жақындана түсіп:

— Міне, мынау көк тамырлар бос жатыр. Жан-жағынан тіреу боларлық ет жоқ. Саусақтарым қалам ұстай алмайды. Кейде жазуды доғарып қойғаныма қапа боламын. Есіме Всеволод Вишневский түседі. Еліміз оның елуғе толған тойын төсекте ауырып жатқанында тойлады. Көп ұзамай өзі қайтыс болды.

Бірде оның бір топ жазушы достары көндін сұрай бардық. Серіктерімнің бірі:

— Всеволод, не жазып жүрсің? — деді.

— ?

— Он бес жыл болды бір кітап жариялаған жоқсың. Осыдан кейін өзінді қалай жазушымын деп са-